

тіркеуді және мемлекеттік техникалық тексеруді жүргізу;";
мынадай мазмұндағы IV-I бөліммен және 23-1 және 23-2-баптармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"IV-I бөлім. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жол жүрісіне қатысуға сындарлы түрде бейімделмеген механикалық көлік құралдарын және оларға тіркемелерді есепке алу, мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық тексеру

23-1-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жол жүрісіне қатысуға сындарлы түрде бейімделмеген механикалық көлік құралдары және оларға тіркемелер

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жол жүрісіне қатысуға сындарлы түрде бейімделмеген механикалық көлік құралдарына механикалық көлік құралдары - тракторлар, өзі жүретін ауыл шаруашылығы машиналары, шассилер, механизмдер мен тіркемелер жатады. Сондай-ақ осы ұғым мелиоративтік және жол құрылысы машиналарына да қолданылады.

23-2-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жол жүрісіне қатысуға сындарлы түрде бейімделмеген механикалық көлік құралдарын және оларға тіркемелерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, сындарлы түрде жол жүрісіне қатысуға бейімделмеген механикалық көлік құралдары және оларға тіркемелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің ауыл шаруашылығы техникасын тіркеу жөніндегі уәкілетті органында есепке алуға, мемлекеттік тіркеуге және мемлекеттік техникалық тексеруге ж а т а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы, сындарлы түрде жол жүрісіне қатысуға бейімделмеген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін есепке алу, мемлекеттік тіркеуді және мемлекеттік техникалық тексеруді жүргізу тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ауыл шаруашылығы техникасын тіркеу жөніндегі уәкілетті органы б е л г і л е й д і .

3. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы, сындарлы түрде жол жүрісіне қатысуға бейімделмеген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтап басқаруға рұқсат беру тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ауыл шаруашылығы техникасын тіркеу жөніндегі уәкілетті органы белгілейді."

2. "Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат):

10-баптың 1-тармағының 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) жол жүрісі ережелерін және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібін айқындауға, сондай-ақ жеңіл, жүк тасушы автомобильдердің және автобустардың, соған қоса олардың базасында жасалған арнаулы автомобильдердің, мотоциклдер мен мотороллерлердің, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеуге және есепке алуды жүргізуге, оларды мемлекеттік техникалық тексеруді жүргізуге, оларды, оның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеуді және олардың есебін жүргізуге, емтихан қабылдауға және оларды басқару және троллейбустар мен трамвайларды басқару құқығына куәлік беруге, жол жүрісін реттеуге".

3. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 23, 338-құжат):

18 - баптың 3 - тармағында:

екінші абзац "Механикалық" деген сөздің алдынан ", Егер өзге заң актілерінде өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер өзге заңнамалық актілерде басқаша көзделмеген болса, жол жүрісіне қатысуға сындарлы түрде бейімделмеген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері; " .

19 - бапта:

"көлік құралдарын" деген сөздер "механикалық көлік құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - тармақта:

"көлік құралдары" деген сөздер "механикалық көлік құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік органында" деген сөздер "мемлекеттік органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта:

"органы" деген сөз "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті